

Қазақстан Республикасы әуе жолдарында жолаушыларды, багаж бен жүкті тасымалдау Ережелерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі N 182 бұйрығына толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитеті Төрағасының 2006 жылғы 4 қаңтардағы N 2 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2006 жылғы 17 қаңтарда тіркелді . Тіркеу N 4018. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрінің 2010 жылғы 7 қазандағы N 448 Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2010.10.07 N 448 (ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының әуе жолдарында жолаушыларды, багажды және жүкті тасымалдау тәртібін жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы әуе жолдарында жолаушыларды, багаж бен жүкті тасымалдау Ережелерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2003 ж. 25 сәуірдегі N 182 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

реестрінде N 2301 тіркелді) келесі толықтыру мен өзгерістер енгізілсін:

аталған бұйрықпен бекітілген, Қазақстан Республикасы әуе жолдарында жолаушыларды, багаж бен жүкті тасымалдау ережелерінде:

3 - т а р м а қ т а :

68) тармақшада "қосымша қызмет түрлері үшін" деген сөздерден кейін " авиациялық керосин бағасы өсуін өтем ақылау мақсатында" деген сөздермен толықтырылсын;

3 8 - т а р м а қ т а :

"5 жылға дейінгі" деген сөздер "2 жылға дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын ;

3) тармақшада "5 жылдан 12 жылға дейін" деген сөздер "2 жылдан 12 жылға дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 9 - т а р м а қ т а :

"7 жылға дейін" деген сөздер "2 жылға дейін" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"7 жылдан 15 жылға дейін" деген сөздер "2 жылдан 15 жылға дейін" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы бұйрық 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енеді және ресми жариялануға жатады.

Төраға

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК